



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады№10/192  
7 наурызОблыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет  
www.instagram.com/qorjyntubek\_jarsysy

E-mail: priogazeta@mail.ru



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРАДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

**Қымбатты ханымдар!**

Ең алдымен, көктемнің шырайлы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Бұл мейрам – мейірім мен жылулықтың, даналық пен сұлулықтың нышаны. Әйел – тіршіліктің тірегі, берекенің бастауы. Бұл – ақиқат. «Бесікті де, әлемді де тербеткен» әйелдің жүрегі – ізгіліктің мекені. Сондықтан әйелдің қадірі – елдің қадірі деп айтсақ артық болмайды. Бүгін мен Ақорда төрінде Сіздерге және барша Қазақстан әйелдеріне зор ризашылығымды және алғысымды айтамын.

Халқымыз қай заманда да анасын ардақтаған, қарындасына қорған болған, қыздарын сыйлап, төрінен орын берген. Жұртымыз ең киелі құндылықтарға «Ана» сөзін қосып, «Отан Ана», «Жер Ана», «Ана тілі» деп көне заманнан бері айтып келеді. Бабаларымыз «Атадан – өсиет, анадан – қасиет» деген. Осы мағынасы терең дәстүр қазіргі құбылмалы, күрделі заманда міндетті түрде өз жалғасын табуы керек. Бұл мақсатты орындау – ұрпақтар алдындағы парызымыз. Өйткені ұлтымыздың болмысы, тілі мен ділі, салт-дәстүрі ұрпаққа ананың аялы алақанымен, тағдылдық тәрбиесімен дариды.

Төл тарихымызда ер азаматтармен бірге ерлік пен елдіктің туын биік ұстаған арулар көп болған. «Қыздың қырық жаны бар» деп халқымыз бекер айтпаған. Рухы мықты қайсар қыздарымыз ұлт жынамасында өшпес із қалдырған. Тұмар ханым, Айша бибі, Домалақ ана, Сүйінбике, Айғаным ханша мен Зере ананың есімдері ел жадында мәңгі қалады. Бүгінде Сіздер аса құрметті аналарымыз және апаларымыз салған дара жолды лайықты жалғастырып келесіздер. Қыздарымыз ел игілігі жолында табысты еңбек етіп, Қазақстанның дамуына орасан зор үлес қосуда.

Қиындығы мен сын-қатері қатар жүретін аса жауапты қызметтерде жұмыс істейтін нәзік жандылар аз емес. Олар Отан алдындағы парызына адал болып, елімізде Заң мен тәртіптің орнығуына атсалысып жатыр. Әділ сот төрелігін жүзеге асырып жүрген судьялардың жартысынан көбі – әйелдер. Сондай-ақ Төтенше жағдайлар, Прокуратура, Ішкі істер, Қорғаныс және арнаулы қызмет саласында 45 мыңнан астам әйел еңбек етуде.

Жақында Дубайда күштік құрылымдар мен арнайы жасақтардың SWAT Challenge жарысы өтті. Аса беделді халықаралық сайыста еліміздің «Томирис» құрамасы ешкімге дес бермей, қыздар арасында үздік атанды. Олар байрақты бәсекеде шыдамдылық пен шеберліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл Әлия Молдағұлова және Мәншүк Мәметованың даңқты жолын үзбей келе жатқан нағыз батыр қыздарға тән қасиет екені сөзсіз. Сонымен қатар бүгін мен ғылым-

да, өнерде, спортта, денсаулық сақтау саласында, мемлекеттік қызметте, бизнесте және ел өмірінің басқа да маңызды салаларында табанды еңбек етіп жүрген әйелдердің көп екенін атап өткім келеді.

Марфуға Әжіғалиева жарты ғасырдан аса уақыт медицина саласында еңбек етіп жүр, 40 жыл бойы учаскелік терапевт болды, дәрігерлер әулетінің бастауында тұр. Бүгін ол еліміздің жоғары наградасы – «Отан» орденімен марапатталады.

Жетісу облысындағы шаруа қожалығының жетекшісі Шакира Ыдырысова ауыл шаруашылығы саласында 50 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Жоғары өндірістік нәтижелерге қол жеткізіп, аудан мен облыс көлемінде абыройға ие болды. Мен оны бірінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапаттау жөнінде шешім қабылдадым.

Шахматтан әлемнің үш дүркін чемпионы Бибісара Асаубаева ел мерейін өсіріп, қазақты нағыз зияткер ұлт ретінде жер жүзіне танытып жүр. Өйгілі шахматшы II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталады. Өкінішке қарай, ол Таяу Шығыста болып жағдайға байланысты бүгін шетелден Астанаға келе алмады.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы Парламент Сенаты төрағасының орынбасары, қаржы саласының тәжірибелі маманы Ольга Перепечинаға, Мәжіліс депутаттары Снежанна Имашева мен Екатерина Смышляеваға беріледі. Олар заң шығару қызметіндегі жемісті еңбектерімен осы құрметке жетіп отыр. Бұл жоғары атаққа көрнекті ғалым, мұнай-газ саласындағы өнертапқыш Мәнсия Бабашева да ие болды. Алматы қаласындағы №95 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі Татьяна Белоусоваға «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы берілді. Оның педагог ретіндегі еңбегі жуырда халықаралық деңгейде кеңінен мойындалды. Осы атаққа азаматтық ұстанымымен белгілі, әсіресе, білім беру саласындағы мәселелерді жиі көтеріп жүрген Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова да лайық.

Өткен аптада ғана Кристина Шумекова конькимен жүгіруден жас-тар арасындағы бес дүркін әлем чемпионы атанып, Қазақстанның абыройын асқақтатты. Бүгін оған «Парасат» ордені табысталады. «Парасат» орденімен белгілі жазушы, аудармашы, тіліміздің нағыз жанашыры Камал Әлпейісова марапатталады.

Арамызда отырған Мария Зейнелованың ерен еңбегін де атап өту қажет. Ардагер маман Наурызым қорығында 43 жыл жұмыс істеп, табиғатты қорғау ісіне зор үлес қосты.

Ал Айсұлу Шуақбаева 40 жылдан астам мұнай өндіру саласында қажырлы еңбек етіп, ел игілігін арттыруға атсалысып келеді. Өз міндетін мінсіз атқарып жүрген мамандар

«Құрмет» орденімен марапатталады.

Осы залда қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері де бар. Олар білімді, ойы ұшқыр, шығармашыл және отаншыл ұрпақ тәрбиелеуге мол үлес қосып жүр. Осыған орай, тәжірибелі педагог Жанна Левковичке «Құрмет» ордені, ал жас мұғалім Мария Суринаға «Шапағат» медалі табысталады.

Тікұшақ пилоты Ақерке Шопатаеваның еңбегі аса маңызды десек қате болмайды. Ол талай мәрте орман өртінен сөндіруге және басқа да құтқару жұмыстарына қағысып, кәсіби тұрғыдан білікті маман ретінде қажырлы қызмет етуде. Бүгін оған «Ерен еңбегі үшін» медалі беріледі.

Бұдан бөлек, Жапониядан келген белгілі өнерпаз Сузуки Канон да осы салтанатты іс-шараға арнайы шақырылды. Сузуки ханым Қазақстанда балет өнерін дамытуға белсене атсалысуда. Сондықтан оны «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттаймын.

Біз Отанымыздың көркейіп, гүлденуіне зор еңбек сіңіріп жүрген осындай аруларды мақтан тұтамыз, оларды жас буынға үлгі етеміз.

«Отан отбасынан басталады» деген сөздің терең әрі жан-жақты мағынасы бар. Қазақ әйелдері шаңырақтың ырыс-берекесін арттырып, өнегелі ұрпақ өсіріп отыр. Отбасындағы қасиетті миссиясы мен Отан алдындағы қастерлі міндетін қатар атқарып жүр. Мен мұны елге деген сүйіспеншіліктің көрінісі және үлкен еңбектің арқасы деп санаймын. Өр отбасында тұрақтылық, береке-бірлік пен ырыс-несібе болса, Отанымыз да өсіп-өркендейді.

Әйел – ұлттың жан-дүниесі десек, артық айтқандық емес. Олар – шабыттың қайнар бұлағы, шығармашылық мұзасы, әдемілік эталоны. Әлемдегі сұлулықтың бәрі әйел бейнесімен астасады.

Еліміздің дамуында әйелдер қауымының рөлі орасан зор. Кез келген жұмыста, мектепте, университетте, кәсіпорында, медициналық мекемеде, әскери бөлімде және басқа ортада болсын, әдетте әйелдер айрықша еңбексүйгіштігімен, асқан жауапкершілігімен үлгі көрсетеді. Қыз-келіншектердің ынтысы жоғары, мұқият, жинақы, сондықтан оларға көбірек сенім артады. Әдетте «нәзік жанды» деп атаймыз, бірақ шын мәнінде олар қиын сәттерде ерік-жігері мұқалмай, табанды мінезі мен төзімділігі, шешімталдығы арқасында ерлікке параніс атқарады.

Адамзаттың көркем жаратылысы саналатын айымдарымыз нәзіктігіне қарамастан көп міндетті, тіпті әйелдерге тән емес ауыртыпалықты мойымай көтеріп жүр. Бірақ мойындауымыз керек, жаншама қиындыққа, кедергіге, жауапкершілікке, кейде ер-азаматтардың олқылығынан болатын келеңсіздіктерге тап болса да, әйел әрқашан ақыл мен ажардың айнасы болып қала береді. Әйелдердің басты құпиясы да, әу бастағы табиғи бол-

мысы да осында.

Олар қаласа, күнделікті күйбең тірлікті мерекеге айналдыра алады, жадау көңіліне жарқын сәуле түсіреді, мүмкін еместі мүмкін қылады, тіпті, соғысты да тоқтатып, бейбіт өмір орнатады. Ұлттың болашағы әйелдерге байланысты десек қателеспейміз.

Қазақ қызының жолы, тағдыры ешқашан кедір-бұдырсыз, яғни қиындықсыз болмаған. Оған тарих куә. «Қыздың жолы жіңішке», «Қызға қырық үйден тыйым» деген түсініктер халық санасына әбден сіңіп кеткен. Себебі, біз – қыз баланың абыройын ел болашағының кепілі деп санайтын елміз. Әйелдің табиғаты ерекше, жаны нәзік болса да, болмысы мықты деп айтуға толық негіз бар.

Әйелдердің адалдығы, ұқыптылығы, еңбекқорлығы, ал, керек болса, батырлығы мен қайсарлығы бәрімізге белгілі. Әйелдің осындай ерекше болмысының арқасында қоғамда адами құндылықтар қалыптасып, елімізде сенім мен келісім, өзара тілеуестік рухы орнайды.

Қазір Қазақстан ауқымды жаңғыру жолына түсіп жатқан кезеңде әйелдердің жасампаздық рөлі арта түсетіні анық.

Республикалық референдумға шығарылған халық Конституциясының жобасы мемлекетіміздің болашағын, даму бағдарын айқындайтын тарихи құжат деп айтуға толық негіз бар.

Әлемдегі ахуал ушығып тұрған уақытта жаңа Конституция Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтады, еліміздегі барлық қоғамдық-саяси институттардың қызметіне жаңа серпін береді.

Жаңа Конституция жобасының негізгі арқауы – Қазақстанның Тәуелсіздігін, Егемендігі мен территориялық тұтастығын, азаматтарымыздың құқықтары мен еркіндігін қорғау.

Ата Заңның жаңа жобасында көптеген дамыған елдерде кездесе бермейтін нақты әлеуметтік нормалар кеңінен қамтылған. Мен бұған сенімдімін. Конституциядағы аталған ережелер мемлекетіміздің әлеуметтік сипатын күшейте түседі.

Қазақстанда халықты әлеуметтік қолдау жүйесі өте жақсы дамыған. Мемлекет осы саладағы өз міндеттемелерін мұлткізсіз әрі уақтылы орындап келеді. Жүзден астам неше түрлі әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер бар, тегін қамтамасыз етілетін бағдарламалар көп. Бұл – бүгінгі күннің жағдайы. Ал біз ертеңгі күнге, алыс болашаққа қарауымыз керек.

Ең бастысы – адам капиталын жақсартып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру. Сондықтан біз білімді, еңбекқор, жасампаз ұрпақты, яғни адал азаматтарды тәрбиелеуге баса мән беруіміз қажет.

Толығырақ akorda.kz  
сайтында



## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КЕШ ӨТТІ



Приозерск қаласында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік кеш ұйымдастырылды. Салтанатты шараға қала әкімі, мекеме басшылары, түрлі салада еңбек етіп жүрген арулар мен ардақты аналар қатысты.

маларын тарту етті. Сонымен қатар, Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының әртістері арнайы сахналық қойылым ұсынып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ал эстрада әншісі Мәди Ахметқожа



Мерекелік жиында қала әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы нәзік жандыларды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, олардың қоғам өміріндегі орны мен еңбегін ерекше атап өтті.

Кеш барысында қала өнерпаздары әсем әндер мен әсерлі шығар-

маларын тарту етті. Сонымен қатар, Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының әртістері арнайы сахналық қойылым ұсынып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ал эстрада әншісі Мәди Ахметқожа

мерекелік кештің сәнін келтіріп, әсем әндерін орындады. Мерекелік шара қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, жылы лебіздер мен ерекше әсерге толы кешке ұласты.

[www.facebook.com/priozersk.akimdigi](http://www.facebook.com/priozersk.akimdigi)

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА 8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ӘЙЕЛДЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Приозерск қаласында 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Мерекелік іс-шара барысында қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген бірқатар әйел азаматтар марапатталды.

Салтанатты жиында түрлі салада еңбек етіп жүрген нәзік жандыларға Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттары табысталды. Сонымен қатар, адал еңбегімен ерекшеленіп, қаланың дамуына өз үлесін қосып жүрген азаматтарға

Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаттары берілді.

Марапатталғандар қатарында мемлекеттік қызмет, құқық қорғау органдары, білім беру, төтенше жағдайлар, қаржы, мәдениет және өзге де салалардың өкілдері бар.

Шара барысында әйелдердің қоғамдағы рөлі ерекше атап өтіліп, олардың кәсібилігі мен еңбексүйгіштігі, қаланың дамуына қосқан үлесі үшін алғыс білдірілді.

[www.facebook.com/priozersk.akimdigi](http://www.facebook.com/priozersk.akimdigi)

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА 8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ӘЙЕЛДЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Халықаралық әйелдер күніне орай Приозерск қаласында волейболдан қалалық турнир ұйымдастырылып, спорттық додада үздік өнер көрсеткен қатысушылар марапатталды.

Турнир қорытындысы бойынша арнайы номинациялар иелері анықталды:

«Үздік ойыншы» – Анастасия Головкич  
«Үздік байланыстырушы» – Сәбитқызы Балжан

«Үздік қорғаушы» – Оксана Романова  
Сондай-ақ командалық есеп бойынша жүлделі орындар иелері де анықталды:

3-орын – №3 орта мектеп командасы (50 000 тенгелік сертификат)

2-орын – Приозерск қаласының спорт клубының №2 командасы (70 000 тенгелік сертификат)

1-орын – «ИСКРА» командасы, Ресей Федерациясының 03080 әскери бөлімі (100 000 тенгелік сертификат)

Турнир қатысушылары тартысты ойын көрсетіп, мерекелік шараның көркін қыздырды. Спортшыларға алдағы уақытта да толағай табыс пен жаңа жеңістер тілейміз!

[www.facebook.com/priozersk.akimdigi](http://www.facebook.com/priozersk.akimdigi)

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВИ: ӨҢІРДІҢ ЖАҢА КӨШБАСШЫЛАРЫ

Өңірлік кадр резерві – еліміздің дамуына үлес қосатын, жаңа буын білікті басқарушыларды қалыптастыруға бағытталған стратегиялық маңызы бар жоба. Алдағы уақытта да бұл бастама мемлекеттік кадр саясатын одан әрі жетілдіруге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға елеулі үлес қосады деп сенеміз.

Кадр резервіне қатысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Жолдауында жоспарланған реформаларды тиімді іске асыру мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігіне, жеке жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей тәуелді екенін ерекше атап өткен болатын.

Осы басымдықтарды жүзеге асыру мақсатында 2024 жылы Қарағанды облысында алғаш рет Өңірлік кадр резервін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізілді.

Іріктеу қорытындысы бойынша 25 үміткер Қарағанды облысының өңірлік кадр резервіне қабылданды. Бүгінгі таңда олардың 50 %, тиісті орта буындағы басшылық лауазымдарға тағайындалып, экономика, жер қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс және сәулет секілді әртүрлі салаларда

еңбек етуде.

Сонымен қатар, өзге резервшілерге әртүрлі бос лауазымдар ұсыну жұмыстары жалғасын табуда.

Өңірлік кадр резерві – мемлекеттік қызмет саласында кезең-кезеңімен кәсіби табысқа жетудің жүйелі әрі тиімді тетігі. Бұл жол қызметтік сатылардың барлығынан өтіп, тәжірибе жинақтауға, басқару үдерістерін терең меңгеруге және кәсіби тұрғыда шыңдалуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік басқару жүйесінің қыр-сырын жан-жақты түсіну үшін осындай сатымен даму аса маңызды.

Осыған орай, резерві арқылы кезең-кезеңімен өсу – тек мансаптық жетістікке жету ғана емес, сонымен қатар кәсіби кемелденудің сенімді кепілі. Бұдан бөлек, резерв аясында өзге мемлекеттік органдардағы тең деңгейдегі (горизонталь) лауазымдарға ауысу арқылы жаңа тәжірибе жинап, болашақта кәсіби өсуге жол ашылады.

**Ж.Сәрсен,**

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің**

**Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы**

## «ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы**

## «ОТКРЕПИТЕЛЬНОЕ УДОСТОВЕРЕНИЕ»

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум.

С 27 февраля 2026 года на своём участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право на участие в референдуме.

При необходимости внести какие-либо изменения Вы сразу сможете обратиться с заявлением в участковую комиссию референдума. В случае перемены гражданином места своего пребывания он вправе с 27 февраля 2026 года до 18 часов 14 марта 2026 года получить открепительное удостоверение на основании заявления в участковую комиссию референдума. Допускается получение открепительного удостоверения на основании доверенности.

При предъявлении открепительного удостоверения участковая комиссия референдума в день голосования включает гражданина в список на участке его пребывания. Открепительное удостоверение не выдаётся гражданам, желающим участвовать в голосовании на другом участке в пределах одного населённого пункта.

Важен голос каждого из нас!

**Центральная комиссия референдума Республики Казахстан**

## ВЕТЕРИНАРИЯДАҒЫ ЕСЕПКЕ АЛУ НӨМІРІ: 2026 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕРІ НЕНІ БІЛУІ ТИІС?



Ауыл шаруашылығы және жануарлардан алынатын өнімдерді қайта өңдеу саласында өндіріс объектісіне есепке алу нөмірінің болуы міндетті талап болып табылады. Оны беру рәсімі мемлекеттік көрсетілетін қызметке жататынына қарамастан, кәсіпкерлер оны алу тәртібі мен маңызы туралы әрдайым толық ақпаратқа ие бола бермейді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган ретінде негізгі ережелерді түсіндіреді.

Есепке алу нөмірі - бұл шаруа қожалықтарына, сою пункттері мен алаңдарына, сақтау қоймаларына, қайта өңдеу кәсіпорындарына, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру және өткізу ұйымдарына берілетін бірегей код.

Ол объектінің ресми тіркелгенін және ветеринариялық-санитариялық бақылауда екенін растайды.

Есепке алу нөмірінің болуы қызметтің заңдылығын, ветеринариялық сертификаттарды рәсімдеу мүмкіндігін, өнімді өткізуге жіберуді, сапа мен қауіпсіздікке мемлекеттік бақылауды, сондай-ақ өнімнің шығу тегін қадағалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Есептік нөмірсіз ветеринариялық құжаттарды рәсімдеу, өнімді тасымалдау және өткізу мүмкін емес.

Облыста аталған мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы көрсетеді. Қызмет көрсету мерзімі - 2 жұмыс күні.

Нөмір алу үшін объектінің талаптарға сәйкестігі туралы ветеринариялық-санитариялық қорытынды қажет. Өтініш электрондық лицензиялау порталы арқылы электрондық

цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып беріледі.

2026 жылы не өзгерді?

2026 жылғы 19 қаңтардан бастап мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына маңызды өзгерістер енгізілді:

- есептік нөмірлер енді 3 жыл мерзімге беріледі;

- жалдау шарты 3 жылдан аз мерзімге жасалған объектілерге нөмір шарттың қолданылу мерзіміне беріледі;

- сою алаңдарына есептік нөмір 1 жылға беріледі және жыл сайын растау талап етіледі;

- 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылу мерзімі көрсетілмей берілген нөмірлердің мерзімі 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап есептеледі;

- мерзімі аяқталуға 30 күнтізбелік күн қалғанда қайта рәсімдеу рәсімінен өту қажет;

- мерзімі аяқталған кезде жүйдегі мәртебе «Есептік нөмірдің қолданылуы тоқтатылды» болып өзгереді.

Аталған өзгерістер бақылауды күшейтуге және өнім қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Құрметті қызмет алушы! Егер мемлекеттік қызметті алу барысында артық құжаттар талап ету, қызмет көрсету мерзімдерін бұзу, негізсіз бас тарту немесе өзге де әкімшілік кедергілерге тап болсаңыз, бұзылған құқықтарыңызды қалпына келтіру үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне жүгіне аласыз.

Мекенжайы: Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39.

Байланыс телефондары: 8 (7212) 50-40-66, 8 (7212) 50-33-83.

**Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы С. Амангельдинованың мақаласы**

## VIII ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XXXIX СЕССИЯСЫ ӨТТІ



Жиынға қала әкімінің орынбасарлары Айдарханов Темірхан Айдарханұлы, Алмас Ұлан Алмасұлы және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қатысты. Отырыстың күн тәртібінде бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Атап айтқанда, депутаттардың 2025 жылы әкімдікке жолдаған депутаттық сауалдарының орындалуы туралы есеп тыңдалды. Қала әкімінің орынбасары депутаттық сауалдар бойынша жан-жақты баяндама жасады. Депутаттар өз кезегінде пікірлерін білдіріп, бірқатар нақты ұсыныстарын ортаға салды. Сонымен қатар, Приозерск қалалық мәслихатының 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №35/260 «Приозерск қаласының 2026–2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі талқыланды. Ұсынылған өзгерістер қала

бюджетінің шығыс бөлігін нақтылау, әлеуметтік маңызы бар бағдарламаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мақсатында әзірленгені атап өтілді. Талқылау барысында депутаттар ұсынылған түзетулерді жан-жақты қарап, қаржылық тәртіптің сақталуы мен бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатты игерілуіне ерекше назар аударды. Сессия соңында қала әкімінің орынбасары Айдарханов Темірхан Айдарханұлы депутаттарға бірлескен жұмыс үшін алғысын білдірді. Сессия қорытындысы бойынша қалалық мәслихат депутаттары ұсынылған барлық мәселелерді бірауыздан қолдап, тиісті шешімдер қабылдады.

*Приозерск қалалық мәслихаты*

## ТЕАТР САХНАСЫНЫҢ ШЕБЕРІ ЖАЗУШЫ-ДРАМАТУРГ БЕК ТОҒЫСБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ



Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған көрнекті қаламгер, жазушы-драматург Бек Тоғысбаевтың туғанына биыл 90 жыл толып отыр. Бұл – ұлттық руханият үшін маңызды дата, қаламгер еңбегіне тағзым ететін тағылымды кезең.

Бек Тоғысбаев – көркем прозада да, драматургия саласында да өнімді еңбек еткен, қазақ сахнасына мазмұны терең, ойы өткір шығармалар әкелген тұлға. Оның шығармалары адам тағдыры, қоғам шындығы, адамгершілік пен ар-ождан мәселелерін терең қозғауымен ерекшеленеді.

Қаламгердің драмалық туындылары өз дәуірінің әлеуметтік ахуалын, қарапайым адамның жан дүниесін шынайы суреттей білді. Оның пьесалары театр сахнасында қойылып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әсіресе кейіпкерлерінің өмірге жақындығы, тілінің қарапайым да көркем болуы Бек Тоғысбаев шығармашылығын оқырманға жақындата түсті.

Жазушының прозалық еңбектерінде де ұлттық болмыс, дәстүр, заман тынысы айқын көрініс тапқан. Ол өз шығармалары арқылы оқырманын ойлануға, өмірге жауапкершілікпен қарауға үндеді. Қаламгер үшін шындықты айту, әділетті қорғау – басты ұстаным болды.

2026 жылдың 12 ақпан күні жа-

зушы, драматург, қазақ әдебиеті мен журналистикасында өзіндік қолтаңбасы бар тұлға Бек Тоғысбаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Театр сахнасының шебері» атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Мақсаты: жазушының еңбекқорлығы мен отансүйгіштігін үлгі ете отырып, рухани құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу. Шара барысында кітапханашы жазушы, драматург Бек Тоғысбаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттап, оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі туралы мағлұмат берді. Кеш соңында Бек Тоғысбаевтың мұрағаттық суреттері мен дауысы жазылған қысқаша бейнеролик көрсетіліп, кітап көрмесі таныстырылды.

Бек Тоғысбаев – тек жазушы ғана емес, елдік мүддені биік қойған азамат, рухани мұра қалдырған қайраткер. Оның еңбектері бүгінгі жас ұрпақ үшін де құндылығын жоғалтпай, тәрбиелік мәнін сақтап келеді. Қаламгердің 90 жылдық мерейтойы – оның шығармашылығын қайта зерделеп, кейінгі буынға насихаттауға берілген үлкен мүмкіндік. Ұлт руханиятына сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Қаламы мұқалмаған, сөзі өлмеген қаламгердің жарқын бейнесі ел жадында мәңгі сақталады.

*Оқу бөлімінің кітапханашысы  
Болысбек У.О*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,  
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,  
38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,  
«Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №10/192, Таралымы: 500 дана,  
пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және  
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми  
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27  
маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар  
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама  
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-  
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-  
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-  
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.  
Балаларға тыйым салынған.